

Бегимкулова Элмира Алимбековнаның

8D07159 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»

білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Автомобиль жолдарын салуда компоненттерді автоматты тұрде төгүге арналған битумқиыршықтастаратқыштың функционалды тораптарын өзірлеу» тақырыбына ұсынылған диссертациялық жұмысына

ғылыми кеңесші Кадыров Жаннат Нургалиевичтің

ПІКІРІ

Жөнделіп жатқан автожол участкерінің бетін өндөу үшін битумқиыршықтастаратқыштар (БҚТ)- қолданылады, олардың функционалдық мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі, соның ішінде автоматты режимде жұмыс істеуді қамтамасыз етпейді. Компоненттерді синхронды тұрде тарату үрдісін жүзеге асыру үшін БҚТ-тарды (сериялық өндірістегі) сенімді және мүмкіндігінше құрылымы бойынша инвариантты өлшеу түрлендіргіштерімен және атқарушы механизмдермен қосынша жабдықтау қажет, бұл басқару құрылғыларымен бірге битум-қиыршықтас тарату үдерісін автоматты басқару жүйелерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

БҚТ-тың тораптарының құрылымы мен жұмысын зерттей келе, автор БҚТ-тың перспективті жинақтау сұлбасын ұсынды, ал битум-қиыршықтас тарату үрдісі туралы өлшеу ақпаратын алу үшін құрылымы бойынша түпнұсқалы стандартталмаған өлшеу құралдарының (СӨҚ) қатарын жасады.

Автор жүргізген әрі қарайғы зерттеулер бір және екі контурлы автоматты басқару жүйелерін (АБЖ) жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл жүйелер автоматты режимде БҚТ-тың негізгі функционалдық тораптарының кеңістіктегі орнын дәл баптауды қамтамасыз етіп қана қоймай, тандалған басқару параметрін тұрақтандыруға да мүмкіндік берді.

Автор жүзеге асырған зерттеулер БҚТ-тың автоматты режимде жұмыс істеу тиімділігін арттыруға септігін тигізді.

Автордың барлық құрылымдық өзірлемелері түпнұсқалы болып табылады және Қазақстанның 19 патентімен қорғалған.

Автордың теориялық зерттеулері екі контурлы автоматты басқару жүйесінің (АБЖ) өлшемдік баптау контурының тұрақтылығын зерттеуге арналған, ал шассидің орнын тұрақтандыру контуры үшін қолданылатын серпімді элементтердің есептеулері жүргізіліп, БҚТ-тың негізгі

функционалдық тораптарының өзара әрекеттесуінің әртүрлі схемалары қарастырылды. Осы негізде автор әзірлеген АБЖ-лер жүзеге асырылды.

Эксперименттік зерттеулер шассидің орнын тұрақтандыру контурының жұмысын талдауға, соның ішінде оның серпімді-деформациялық плитасын зерттеуге арналды.

Автор әзірлеген барлық АБЖ-лердің жұмысқа қабілеттілігі, сондай-ақ олардың техникалық сипаттамаларының қолайлылығы расталды.

Автор тұжырымдаған мақсат пен міндеттер, сондай-ақ диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.

Теориялық, конструкторлық және эксперименттік жұмыстардың барлық көлемін автор дербес орындаған.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық тұжырымдар жаңашыл, стандартты емес және қойылымы мен жүзеге асырылуы жағынан ерекше болып табылады.

Э.А. Бегимкулованың «Автомобиль жолдарын салуда компонеттерді автоматты тұрде төгүге арналған битумқышықтастаратқыштың функционалды тораптарын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ішкі бірлігі сақталған, сондай-ақ теориялық және практикалық маңызы жоғары деп есептеймін.

Э.А. Бегимкулованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (ҚР ҒжЖБМ СҚК) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденуге қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді және 6D071200 – Машина жасау мамандығы бойынша Мамандырылған диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылуы мүмкін деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші

Кадыров Ж.Н.

т.ғ.д., профессор,

«Кадыров и партнёры» КПП

директоры

Ж.Н. Кадыровтың колын растигымын

